

Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ МЕН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Пернебек А.

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

gulnar_mominova@bk.ru

Астана қ.

Киелі қазақ топырағынан талай дара тұлғалар өсіп шыққаны баршамызға мәлім. Сол тұлғалар өздерінің ақыл-парасатымен, білімділігімен, ғылым мен мәдениетке сіңірген еңбегімен халық жадында мәңгілік сақталып келеді. Осындай тау тұлғалардың қатарында қазақ ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан, химия ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, жазушы, аудармашы, академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің орны ерекше. Ол - сан қырлы дарын иесі, ғылыми ізденістерімен де, әдеби шығармашылығымен де, қоғамдық қызметімен де ел тарихында өшпес із қалдырған тұлға.

Академиктің өмір жолы, ғылыми мұрасы мен шығармашылық еңбектері - тәуелсіз Қазақстанның ғылымы мен руханиятын дамыту ісінде үлкен мектеп, асыл өнеге. Сондықтан Евней Бөкетовтің мол мұрасын зерттеу, оның тарихи маңызын ашу бүгінгі ұрпақ үшін де, болашақ зерттеушілер үшін де айрықша маңызды болып табылады.

Евней Арыстанұлы Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Бағанаты ауылында қарапайым шаруалардың отбасында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты - Ибн-Ғабиден, бірақ ата-анасы оны Евней-Ғабиден деп атады, ал кейінірек құжаттарда ол Евней деп жазылды. Аштық жылдарында әкесі Арыстан отбасымен қазіргі Қорған облысының Макушинск совхозына көшіп, қара жұмысшы болып жұмыс істеген. Евней Бөкетов алғашқы білімін сол жақта бастап, 1938 жылы ата-анасымен туған жеріне оралып, арғы білімін аудан орталығы Марьевка ауылында жалғастырды, бірақ әкесінің ауруына байланысты 9-сыныпты аяқтағаннан кейін оқуын тоқтатып, жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Көп ұзамай әкесі қайтыс болды. 1945 жылы 20 жасында ол орта мектепті тәмамдап, Қазақ тау-кен металлургия институтының металлургия факультетіне түседі де, оны 1950 жылы аяқтап шығады. Әрі қарай болашақ академиктің қызметтік және ғылыми мансабы өсе берді, алдымен аспирантура, 1954 жылы диссертация қорғау, 1956 жылы доцент лауазымы, 1958 жылы оқу ісі жөніндегі проректор, ал екі жылдан кейін - Қарағандыдағы Қазақстан Ғылым Академиясының химия - металлургия институтының директоры болып тағайындалды. Оның еңбекқорлығы, табандылығы және білімі академиялық деңгейге дейін көтеріліп, 1972 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі - академигі болып сайланды [1, 222 б].

Жас ғалымның тұлғалық қалыптасуына оның талапшылдығы, үнемі ізденуге талпынысы және елге қызмет етуге деген адал ниеті әсер етті. Бөкетов Ғылым академиясының, жоғары оқу орындарының дамуына үлкен еңбек сіңіріп, республикадағы ғылыми кадрлардың өсіп-жетілуіне жағдай жасаған кемеңгер басшы болды.

Е.А. Бөкетов - АҚШ, Канада, Австралия, Швеция, Финляндия, ГФР, Жапония және басқа елдерде патенттелген 200-ден астам ғылыми еңбектің, тоғыз монографияның, 90-ға жуық ғылыми жаңалықтың авторы. Оның негізгі ғылыми еңбектері түсті металдар металлургиясы. Ол металлургия процестерін жеделдету бойынша ғылыми әзірлемелер жасады. Бөкетов Лисаков және Аят кен орындарында марганец және темір кендерін кешенді пайдалануға (сазбалшық пен ванадий құрамынан бөліну) қомақты үлес қосты. Оның басшылығымен Балқаш тау-кен металлургия комбинатында мышықты мысэлектролиттен алу тәсілі зерттеліп, өндіріске енгізілді. Евней Арыстанұлы - халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясындағы жаңа бағыттың негізін қалаушы, осы еңбегі үшін 1969 жылы оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді, Қарағанды қаласында өткен 1-ші және 2-ші Бүкілодақтық кеңестердің ұйымдастырушысы және жетекшісі. Шламдағы элементтен фосфорды бөлу әдісі Бөкетов-Баешев әдісі деп аталды. Е.Бөкетов Д.И. Менделеев элементтерінің периодтық жүйесіндегі химиялық аналогтардың жіктелуін нақтылады, металлургиялық сілтісіздендіргіштер арқылы көмірді сутектендіру мүмкіндігін дәлелдеді. Ғалымның еңбектері Қазақстанда химия ғылымының дербес сала ретінде дамуына ықпал етті.

Бөкетовтің басты ғылыми жетістіктерінің бірі - ферроқосылыстар химиясы бойынша жүргізген инновациялық зерттеулері. Ол алғаш рет жаңа типтегі гидрленген ферроқосылыстардың қасиетін сипаттап, олардың өнеркәсіпке қолдану мүмкіндіктерін көрсетті [2, 115 б]. Бұл зерттеулер сол кезең үшін бірегей жаңалық болып, отандық химиктердің әлемдік ғылымдағы орнын айқындады.

Сонымен қатар, ғалым химиялық кинетика, катализ, полимерлер химиясы салаларында да маңызды жаңалықтар ашты. Оның жетекшілігімен ондаған кандидаттар мен докторлар дайындалып, жаңа тәжірибелік лабораториялар ашылды.

Академиктің ғылымдағы орны оның тек зерттеушілік қырымен шектелмейді. Ол - Қазақстандағы жоғары білім жүйесін дамытуға зор үлес қосқан ірі ұйымдастырушы. Е.А. Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университетін ашуға бастамашы болды. Е.Бөкетов - Қарағанды Мемлекеттік Университетінің тұңғыш ректоры және негізін қалаушы, академик. Бүгінде бұл оқу орны оның есімімен аталады және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының қатарына кіреді. Ғалым оқу бағдарламаларын жаңартуға, оқу процесін заманауи талаптарға сай қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасымен жаңа мамандықтар ашылып, жас ғалымдарға арналған ғылыми үйірмелер мен зертханалар құрылды.

Евней Арыстанұлы - ғылыммен ғана шектелмей, қазақ әдебиетіне де айрықша үлес қосқан тұлға. Оның қаламынан бірнеше роман, повестер, публицистикалық мақалалар туды. Сонымен қатар, Қазақстанда белгілі әдеби сыншы, жазушы. Орыс жазушылары мен ақындарының бірқатар аудармаларын қазақ тіліне аударып үлгерген. 1985 жылы Мәскеуде Е.А. Бөкетовтың «Святое дело Чокана» атты очеркі жарық көрді. 1989 жылы Е.Бөкетовтің "досына алты хат" атты кітабы жарық көрді. 2005-2006 жылдары 6 томдық ғылыми және әдеби-публицистикалық шығармалар жинағының 5 томы жарық көрді. 2007 жылы ЖЗЛ сериясында жазушы М.Сәрсекенің "Евней Букетов" атты кітабы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Евней Арыстанович Бөкетов өзінің шығармашылық өмірінің өркендеуі кезінде, 58-ші жылында көптеген шығармашылық ойларын жүзеге асыра алмай кетті. Әсіресе тарихи тұлғалар туралы жазған шығармалары оқырман қауымның жоғары бағасына ие болды.

Бөкетов А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, М.Ю. Лермонтов секілді әлем әдебиетінің классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиеттің көркемдік деңгейін көтеруге үлес қосты. Оның аудармалары тілді дәл әрі көркем жеткізуімен ерекшеленеді. Ғалымның әдеби еңбектері оның жан-жақтылығын, нағыз энциклопедиялық білім иесі болғанын дәлелдейді. Е. Бөкетовтың ел өміріндегі қоғамдық мәселелерге де белсене араласты. Ол әділдік пен шындықты қорғаған, өз көзқарасын ашық айта алған азамат болды. Қоғамдық бастамаларға жиі қатысып, халықтың рухани дамуы, жастар тәрбиесі, ұлттық мәдениет мәселелеріне көңіл бөлді. Ол әрқашан жастарды білімге, адал еңбекке, ұлтқа қызмет етуге шақырып отырды. Замандастары оның қарапайымдылығы, адамгершілігі, әділдігі туралы жиі жазады. Сондықтан Е.А. Бөкетовтің тұлғалық болмысы - бүгінгі жастарға үлгі, тәлім-тәрбие мектебі.

Қорытындылай келе, академик Евней Арыстанұлы Бөкетов - қазақ ғылымы мен мәдениетінде өшпес із қалдырған дара тұлға. Ол - ғалым, ұстаз, жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері. Оның ғылыми жаңалықтары химия ғылымының дамуына серпін берді, ал ұйымдастырушылық жұмысы еліміздегі жоғары білім жүйесінің өркендеуіне жол ашты.

Бөкетовтің әдеби мұрасы да қазақ руханиятының асыл қазынасына айналды. Ол аударма саласында тың белеске көтеріліп, әлем әдебиетінің жауһарларын қазақ тіліне шеберлікпен жеткізді. Оның азаматтық ұстанымы, адамгершілік болмысы жастар үшін үлгі боларлық өнеге. Ғалымның бай мұрасын зерделеу - тек өткенді тану емес, елдің ғылыми болашағы үшін де маңызды. Е.А. Бөкетовтей тұлғалардың еңбегі мен тағылымы ұрпақ санасында мәңгі сақталып, қазақ ғылымы мен мәдениетінің дамуына бағыт-бағдар бола беретіні сөзсіз.

Қоғам қайраткері - ғылым мен руханиятты қатар алып жүрген кемел тұлға. Ол тек химия саласында ғана емес, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне де зор үлес қосты. Оның жетекшілігімен көптеген жас ғалымдар өсіп жетілді. Бөкетов құрған ғылыми мектептер бүгінде еліміздегі жетекші орталықтардың біріне айналды. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінің іргесін қалаған алғашқы ректор ретінде білім мен ғылымның дамуына жол ашты. Ғалым ретінде ғылыми мақалалар, монографиялар жазып, көптеген жаңалықтардың авторы болды. Сонымен қатар, ол әлем әдебиетінің классиктерін қазақ оқырманына таныстырып, аударма саласында үлкен еңбек сіңірді. Оның ұстаздық жолы - парасат пен мейірімге, жауапкершілікке толы болды. Елге, халыққа адал қызмет еткен азаматтың өмірі мен еңбегі кейінгі ұрпаққа бағдарлам іспеттес. Е.А. Бөкетовтің есімі қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихында алтын әріптермен жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Біртуар: Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер» - Білім баспасы, 2012.
2. «Қарағанды университетінің тарихы»- Қарағанды, 2005.
3. «Қарағанды университетінің ресми сайты» -«Академик Е.А.Бөкетов өмірі мен қызметі» бөлімі.
4. <https://karlib.kz/ru/vsya-karaganda/311-personalii/1919-buketov-evnej-arstanovich>